

"Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 3 мамыр N 492

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы

"Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі Z960028_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 13, 272-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2 - б а п т ы ң в) т а р м а қ ш а с ы н д а :

"кәмелетке толған адамдарға" деген сөздер "жазасын өтеп, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

а) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"а) аса қауіпті түрде қайталанып жасалған қылмыстар үшін;"

б) және в) тармақшаларында "ауыр қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған немесе қасақана қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға екі немесе одан да көп мәрте сотталған" деген сөздер "ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін немесе қасақана қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға екі немесе одан көп мәрте сотты болған" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - б а п а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

4-бапта, 5-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацында, алтыншы бөлігінде, 9, 10-баптарда "еңбекпен түзеу мекемесінен", "еңбекпен түзеу мекемесі" және "еңбекпен

түзеу мекемесінің" деген сөздер тиісінше "түзеу мекемесінен", "түзеу мекемесі" және "түзеу мекемесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;
9-бапта "босатылған" деген сөз "сотталған" деген сөзбен ауыстырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК